

Магистратураға түсуге өтініштерді қабылдау 3 шілдеден 25 шілдеге дейін, түсу емтихандары 8 тамыздан 16 тамызға дейінгі аралықта жүргізіледі.

Магистратураға түсуге қажетті құжаттар

1. Ұйым басшысының атына өтініш (арнайы бланкіде толтырылады);
2. Жоғары білімі туралы құжат, қосымшасымен (түпнұсқа);
3. Жеке куәлігі (түпнұсқа, көшірме);
4. Кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы және нотариалды расталған еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
5. 3x4 мөлшердегі 6 фотосурет;
6. 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
7. Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты (бар болса);
8. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса);
9. Кешенді емтихан тапсыру үшін төленетін түбіртек.
10. Құжат тігілетін папка, конверт.
11. Магистратура мамандығының кәсіби оқу бағдарламасын игеруге қажетті пререквизиттер анықтамасы (бас оқу ғимараты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру бөлімінен алынады).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, ерекшеліктері және тапсыратын пәндер туралы мәліметтерді Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан келесі сілтеме бойынша көруге болады:

www.testcenter.kz/graduates/pvo-spec/